

Р. Б. ӘБСАТТАРОВ

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматыб Қазақстан)

ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР ТИПТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: САЯСИ ТАЛДАУ

Аннотация. Бұл зерттеу әлеуметтік институттар типтерінің ерекшеліктеріне саяси талдау жасауға арналған. Мақалада әлі де жете зерттелмеген аспектілер мен пікірталас тудыратын мәселелерге көңіл аударылған.

Тірек сөздер: әлеуметтік институттар, өзгеріс, даму, үдеріс, әлеуметтік институттар типтерінің ерекшеліктері, мемлекет, отбасы, дін, білім.

Ключевые слова: социальные институты, изменение, развитие, процесс, особенности типов социальных институтов, государство, семья, религия, образование.

Keywords: social institutions, change, development process, types feature of social institutions, state, family, religion, education.

Ең алдымен айта кететін мәселе, қоғамдық тәртіпті қолдау үшін және әлеуметтік топтардың, қоғамның өзара әрекетінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік институттар өмір сүреді. Әлеуметтік институттарды ұйымдардың алуан түрлі формаларының жиынтығы ретінде және әлеуметтік қауымдастықтың, жалпы қоғамның дамуы мен өмір сүруі үшін қажетті функцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік-саяси мекемелерді, норма жүйелерін, әлеуметтік, саяси рөлдерді реттеуші ретінде айқындауға болады.

Әлеуметтік институттар – бұл адамның ойлап тапқан ұлы әлеуметтік-саяси жетістігі. Олар әлеуметтіктің (күні бұрын айту, сенімділік, жүйелілік және т.б.) басты басылымдықтарына жетуді қамтамасыз етіп қана қоймайды. Әлеуметтік институттар қайсыбір қажеттілік қалай да қанағаттандырылды деген сенімге негіз береді және осы мақсаттың сапалы деңгейде орындалатынына сенім ұялатады.

Әлеуметтік институттар қатарына мемлекет, саяси партиялар, әскер, сот, отбасы, құқық, мораль, дін, білім және т.б. жатады. Әлеуметтік институттардың пайда болуына қоғамдық әлеуметтік-саяси қатынастар, әлеуметтік, саяси қызметтер және әлеуметтік, саяси үрдістер салаларын арнайы реттеудің объективтік қажеттігі септігін тигізді. Осының бәрін дұрыс түсіну үшін, алдымен, әлеуметтік институттардың типтерін және олардың ерекшеліктерін айқындау және саяси талдау қажет. Бұл мәселелер саяси ғылымда әлі де толығымен ашылмаған және зерттелмеген. Сондықтан, бұл мақалада тек әлеуметтік институттардың типтерінің ерекшеліктеріне саяси талдау жасаймыз.

Әлеуметтік институт – бұл тұрақты әлеуметтік, саяси құрылымымен, өз элементтерінің терең кіріктенуімен, олардың алуан түрлі динамикалық функцияларымен, мінез-құлықтың орныққан ұтымды стандарттарының болуымен, шешімін табатын міндеттердің алдын ала белгіленген мазмұнымен ерекшеленетін салыстырмалы түрдегі жоғары ұйымдасқан әлеуметтік-саяси қатынастар мен өзара әрекеттердің жүйесі.

Қазіргі қоғам әлеуметтік институттар жүйесінің ұлғаюымен және күрделенуімен сипатталады [1]. Бір жағынан, сол бір ғана қажеттілік көптеген арнайы институттарды туындата алады, екінші жағынан әрбір институционалдық кешен, мысалы отбасы, коммуникация, қызмет көрсету өндірісі, одақты бөлу, индивидуалдық және ұжымдық қорғау, тәртіп пен бақылау қажеттіліктерін жүзеге асырады.

Әдетте ішкі себептерге байланысты үстем етуші әлеуметтік топтардың мүдделеріне сай әлеуметтік институттың өмір сүру тиімділігі төмендеді, ал сыртқы факторларда бұл, мысалы, қоғамның жаңа білім алуына, түсінігіне, дүниетанымына байланысты болады.

Мысалы, басыбайлық құқығы институтының күні өтіп жойылды. Өйткені барлық елдерде ағартушылық идеология қалыптасты да оған сәйкес адамдардың бәрі табиғатынан тең және басыбайлық қожайындар үшін де, шаруалар үшін де масқара іс деп танылды.

Әлеуметтік-саяси жүйелердің дамуы институттар эволюциясына алып барады. Ол әлеуметтік институттардың дәстүрлі моделінен қазіргі модель бағытына қарай жүреді [2]. Әлеуметтік институттарға және олардың қоғамда өмір сүру ерекшеліктеріне саяси талдау жасау үшін оларды

типтеу айтарлықтай маңызды. Олардың қызметін тәртіптеудің регламентация қаталдығы мен тәсілдеріне байланысты әлеуметтік институттар формальды және формальды емес болып табылады. Формальды әлеуметтік институттар өздерінің мәнді айырмашылықтарына қарамастан бір ортақ белгімен бірігеді: осы бірлестіктегі субъектілердің арасындағы өзара әрекет формальды ескерілген заңдардың, ережелердің, баптардың және т.б. негізінде жүзеге асады. Егер де әлеуметтік институттар әлеуметтік-саяси байланыстар жүйесінің қуатты арқаны болса, онда формальды әлеуметтік институттар – қоғамның беріктігін анықтайтын айтарлықтай төзімді және икемді металдан жасалған тірегі. Мұндай институттардың (мемлекет, әскер, шіркеу, мешіт, білім беру жүйесі және т.б.) қызметінің және өзін-өзі жаңартуының жиілігі әлеуметтік-саяси мәртебелерді, рөлдерді, функцияларды, құқықтар мен міндеттерді әлеуметтік-саяси өзара әрекетке қатысушылардың арасында жауапкершілікпен бөлуі қатал регламентациялаумен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ әлеуметтік институт қызметінің талаптарына жауапсыз қарағандарға қатаң тәртіп қойылады. Белгілі бір шеңбердегі міндеттерді жүзеге асыру еңбек бөлінісімен және атқарылатын функциялардың кәсібилігімен байланысты. Өзінің функцияларын орындау үшін формальды әлеуметтік институттың мекемелері (мысалы, мектеп, жоғары оқу орны, колледж, лицей және т.б.) шеңберінде адамдардың белгілі бір кәсіби бағыт-бағдар ұстаған қызметі ұйымдастырылады, әлеуметтік-саяси әрекеттерді басқару жүзеге асырылады, оларды іске асыру үшін бақылау орнатылады, сондай-ақ, бұған қажетті ресурстар мен құралдар айқындалады. Формальды әлеуметтік институттар қазіргі қоғамдарда зор рөл атқарып, қатары артып келеді.

Формальды емес әлеуметтік институттар өз қызметінде белгілі бір нормалармен және ережелермен тәртіптелсе де, бірақ олар қатты регламентацияны иеленбеген, ал олардағы нормативтік-құндылықты өзара қатынастар: жарлықтар, заңдар, жарғылар және т.б. түрінде анық белгіленбеген.

Достық формальды емес әлеуметтік институтқа мысал бола алады. Кез келген қоғамның өмірін сипаттайтын элементтердің бірі болып саналатын достық адамзат қоғамының міндетті, тұрақты құбылысына айналған. Оған әлеуметтік институттың көптеген белгілері тән, атап айтар болсақ, белгілі бір нормалардың, ережелердің, талаптардың, ресурстардың (сенім, ұнату, берілгендік, адалдық және т.б.) болуы соны айғақтайды. Алайда достық қатынастарды (адамгершілік нормалары, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және т.б.) регламентациялау формальды сипатта емес, формальды емес санкциялардың көмегімен жүзеге асады. Осымен байланысты достықтың, соның ішінде махаббатта, қызметтегі әріптестерімен өзара қатынаста да, туыстық қатынастарда да анық шекарасының болатындығын айтуымыз керек, бірақ бұл жерде әріптестердің мәртебелерін, құқықтары мен міндеттерін анық кәсіби бекітулер жоқтың қасы.

Формальды емес әлеуметтік институттарды қызметтің құрамдары мен әдістеріне, функцияларына қатысты арнайы заң актілері мен нормативтік құжаттарда анық белгіленген және бекітілген жарлықтар жоқ, сонда да бұл институттар мейлінше кең әлеуметтік мағынада басқару және бақылау функцияларын атқарады, өйткені ол азаматтардың әлеуметтік шығармашылығының және еркін білдірудің (алуан түрлі мәдени және әлеуметтік қорлар, әуесқойлардың шығармашылық бірлестіктері, қызығушылықтары бойынша құрылған бірлестіктер) нәтижесі болып табылады. Мұндай формальды емес институттарда әлеуметтік бақылау қоғамдық пікірлерде, дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда белгіленген нормалардың көмегімен, яғни формальды емес санкциялардың негізінде жүзеге асады. Құқық нормаларына немесе басқа да формальды санкцияларға қарағанда қоғамдық пікірлер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер адамдардың мінез-құлқын бақылаудың аса тиімді құралы екенін көрсетті.

Қызметтің мазмұны мен бағытталуына байланысты әлеуметтік институттар әртүрлі: саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, діни, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, отбасы және т.б. типтерге бөлінеді. Саяси институттар билікті жеңіп алу, ұстап тұру және нығайту мақсатында құрылады. Саяси институттар саяси билікті іске асырады, индивидтердің, әлеуметтік топтардың ресурстарды, құндылықтарды және өзге де әлеуметтік, саяси маңызды нысандарды игеру қажеттілігінің шексіз еместігін айқындайды, олардың өз ықпалдарын кеңейтуге деген табиғи талпынысына әлеуметтік-саяси тұрғыдан шектеу қояды. Мұндай ресурстар материалдық сипатпен шектеліп қалмайды, оларға сонымен қатар, қауіпсіздік, ақпаратқа қолжетімділік, мәртебе, бедел, билік жатады. Осындай шектеулер болмаса әлеуметтік-саяси өзара әрекеттер тәртіптелмейді және оларсыз әлеуметтік-саяси жүйе өзін анархияға ұрындыратын, кіріктірілуін бұзатын егестер мен

қақтығыстарды сөзсіз туындатады. Шектеуді қамтамасыз ету қоғамда биліктік қатынастарды реттеп, біреулердің басқаларға билігін орнатады [3].

Билік егестер мен қақтығыстардың даму шегін анықтайтындай жағдайда болуға тиіс, олар шегіне жеткенде шешім қабылдауы керек, ол шешімдер жұртшылық орындауға міндетті шешім ретінде қабылдануы тиіс.

Егер де билікті бір субъектінің екінші бір субъектінің белгілі бір мінез-құлқы, әрекеттік актілерін бақылауға алу мүмкіндігі ретінде анықталса, онда саяси билік, біріншіден, жалпы қоғамға тарайды, екіншіден, тек саяси билікте ғана санкцияның күшпен мәжбүрлеу, еркінен және өмірінен айыру іспетті барлық түрлерін қолдану құқығы мойындалған. Алайда, саяси билік тарапынан болатын күштеу легитимді, яғни қоғам мүшелерінің басым көпшілігі оны мойындаған және қабылдаған болуы тиіс және саяси билік осындаймен қарақшылардан ерекшеленеді.

Мемлекет әлеуметтік институт ретінде институционалдырылған саяси билікті білдіреді [4]. Легитимділік саяси биліктің базасы ретінде дәстүрлерге, билеушінің көпшілік мойындаған беделіне және ұтымды демократиялық сайлауға негізделеді. Саяси билік әртүрлі жолдарымен құрылады және бөлінеді. Мемлекеттік басқаруды дәстүрлі типтеу автократия, яғни жеке билеушінің мемлекеті, олигархия, яғни жеңілдіктері бар аз ғана адамдардың үстемдігі және демократия сынды билікті бөлудің тәсілдерін қамтып көрсетті. Аристотель автократияның тиранияға (тиран үстемдігі), олигархияның плутократияға (қылмыскерлердің үстемдігі) және демократияның охлократияға (тобырдың үстемдігі) ұласу феномендерінің пайда болатындығын атап айтты.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мойындалды және дамытылды, ол кез келген мемлекеттік қызмет формасының құқыққа, ең алдымен институтцияға бағыну идеясына негіздеген. Конституцияның демократиялық қоғамдағы басты міндеті – азаматтардың маңызды құқы мен бостандығын сақтау мақсатында шек қоюшы, азаматтық қоғамның негізгі институттарының өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі ұйымдастыруына кепіл болушы қызметін атқарады. Осылайша құқық пен мемлекеттік билікті шектей отырып, Конституция өзінде жазылған заңдарға сәйкес азаматтардың азаматтық және саяси құқығын қорғайды, құқықтың бостандықты жүзеге асырушы ретіндегі маңызды функциясын іске асырады.

Экономикалық институттар бірлестіктер мен мекемелердің (ұйымдардың) жүйесін білдіреді, олар экономикалық қызметтің салыстырмалы тұрақтылығын, өндіріспен, айырбаспен, тауарларды бөлумен, меншікке қатынасына қарай шаруашылықта өзара әрекет етудің – қаржы, несие және т.б. экономикалық механизмдерімен байланысқан адамдардың экономикалық қатынастарын қамтамасыз етеді. Бұл жүйеге кәсіпорындар, банктер, фирмалар, сауда және қызмет көрсету мекемелері, кәсіпкерлер одағы, өндіріс және қаржы корпорациялары және т.б. кіреді.

Осымен байланысты экономикалық институттарды әлеуметтік институттардың бір түрі ретінде қарастыруға болатындығын айту қажет, өйткені оларды әлеуметтік, саяси, құқықтық, мораль мен этика нормалары жүйесі, сондай-ақ, санкция жүйелерімен нығайтылған мақсатты бағыт-бағдар ұстанған мінез-құлық стереотиптерінің салыстырмалы түрдегі тұрақты жиынтығы сипаттайды. Экономикалық институттардың нормативтік құрылымына меншік қатынасын білдіретін өндірістің басым типі, айырбастың әдеттегі формалары мен тәсілдері, сонымен қатар экономика саласындағы қайсыбір әлеуметтік, саяси құндылықтар, мінез-құлықтың моральдық-этикалық стандарттары мен нормативтері (мысалы, протестанттық этика нормасы) кіреді.

Әлеуметтік институт ретінде экономиканың ерекшелігін анықтау үшін мұнда пайда болатын әлеуметтік-саяси өзара әрекетті қатынастардың негізгі екі типі саналатын мәртебелік және келісім-шарттық көзқарасы тұрғысынан қарастыру пайдалы.

«Мәртебе» категориясы айтарлықтай көп мағыналы. Латынның «status» сөзі әдетте «белгілеу», «істің хал-жайы», «тұрақты позиция» ретінде аударылады. Ол ғылыми категория ретінде, әдетте, объектінің белгілі бір орныққан статикалық хал-жайын білдіру үшін қолданылады. Бұл жай ғана хал-жай емес, ол «жазылған», «белгілі бір» мәртебе жағдайы. Тар, азаматтық-құқықтық мағынада мәртебе азаматтық хал-жай, атақ, қоғамдық саты болады. Алдын ала анықталған хал-жайдың тұрақтылық, статикалық («статус кво») және белгіленген, тәртіптелген кейбір сыртқы қайнар көздері мәртебенің аса маңызды сипаттамалары болып табылады.

Мәртебелерді айқындаудың қатарына, ең алдымен, мемлекеттік билік пен басқару органының құрылымы мен құзырын анықтайтын конституциялық нормалар жатады.

Экономика саласындағы барлық өкілдер субъектілердің бір-біріне бағынышты органдар иерархиясындағы орнын анықтайды, оның қызмет бабын толықтай реттейді, олар шаруашылық субъектісінің мәртебесін анықтайтын құжаттың жарлығымен рұқсат етеді, ал олардың құзырынан тыс жасалған кез келген қызмет мәртебені айқындаушыны бұзады және соның нәтижесінде заңсыз болып шығады. Мәртебелік реттеусіз экономиканың тұрақты өмір сүруі мүмкін емес. Жалпы экономика өзін-өзі ұстай білетін жүйе, оның тұрақтылығы шаруашылықтың жаңа жағдайға бейімделу, даму, өзгеріске түсу қабілетін арттырады. Экономиканы реттеу жүйесі экономикалық құрылымның негізгі сипаттарының тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етпеген жағдайда ол шаруашылық механизмінің дисфункциясының бір түріне айналады.

Экономикада «келісім-шарт» категориясы ерекше рөл және міндет атқарады. Тарихи жағынан келгенде, экономика жалпы тайпалық түрде, өнімді өндірудің отбасылық формасында, құл еңбегі институты түрінде (жеке меншіктік немесе құл иеленушілік) өмір сүрді. Одан кейінгі уақыттағы оның дамуы еркін тауар өндірушілердің келісім-шарт қатынастарына негізделді. Мәртебелік қатынастардан келісім-шарттық қатынастарға өту ортақ бағыт болып табылды, ол жеке бастамаларға еркіндік беріп, өндірістің тез өсуіне әкелді. Алайда өндіріс сипатының күрделенуі, технологиялық императивтың бұйрықты талаптары келісім-шарттық қатынастарға мәртебелік реттеуді енгізуді талап етті, ол өндірістің қоғамдық сипатының күшеюі экономикалық мемлекеттік реттеудің қажеттігін қамтамасыз етті. Ал мемлекеттік реттеу болмаған жағдайда жалпы әлемдік дағдарыс белең алды.

Мұндай жәйттерге жол бермес үшін, біріншіден (табысты), экономиканы мемлекеттік антимонополиялық реттеу және өнімнің белгілі бөлігін қоғамның нашар қамтамасыз етілген мүшелерінің пайдасына мемлекеттік қайта бөлудің негізі ретінде жеке меншікті сақтау қажет болды. Екіншіден, (табыссыз) экономиканың негізі ретінде жеке меншікті жоюға, оны мемлекеттік меншікке алмастыруға тура келді, бұл мемлекеттік экономикамен толық бірігуге және экономикада мемлекеттік билік әмірінің формальды көрінісіне әкеп соқтырды. Мұндай жолмен жүру жаппай инновация үшін ынталандырудың экономикалық жүйесін жойды, экономиканың қарқынды даму мүмкіндігін тежеді.

Қазіргі заманауи әлеуметтік-саяси даму азаматтық қоғам тұжырымдамасын бекітуді талап етеді [5], яғни айтарлықтай ықпалы бар әртүрлі үкіметтік емес институттар дамуы мемлекеттік билікті теңестіру үшін және оған кедергі жасамай, заңдылық пен тәртіпті сақтауға қолдау көрсету үшін, қарама-қарсы топтық мүдделердің арасындағы егестер мен қақтығыстарды жөнге салу үшін делдалдық функцияларын атқарады. Азаматтық қоғам институттары мемлекеттің абсолютті басымдық орнатуына және қоғамның ыдырауына жол бермеуге тиіс. Азаматтық қоғам – бұл әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-адамгершілік қатынастары дамыған қоғам. Онда мемлекет пен экономика өзара анық ажыраған екі саланы құрайды және де мемлекеттің инструментальді сипаты болады, мемлекет экстремальды көрініс беретін индивидуалдық мүдделерді бақылай отырып, оның өзі де базасы бар институттардың бақылауында болады.

Әлеуметтік-мәдени институттар мәдени, саяси құндылықтарды жасау мен тарату туралы адамдардың біршама тұрақталған және тәртіптелген өзара әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдіреді, сонымен қатар қоғамның мәдени, саяси құндылықтарын меңгеретін тұлғаның әлеуметтенуіне бағыт-бағдар беретін мәдени мекемелер (театрлар, мұражайлар, кітапханалар, концерттік залдар, кинотеатрлар және т.б.) жүйесін де көрсетеді. Бұған шығармашылық бірлестіктер мен одақтар (жазушылар, суретшілер, сазгерлер, кинофотографистер, театр қайраткерлері және т.б.), сондай-ақ, адамдардың мәдени, саяси мінез-құлқының белгілі бір құнды нормативті үлгілерін көбейтетін, тарататын, насихаттайтын ұйымдар мен мекемелер енеді.

Білім институты – білімдерге, дағдыларға және ептіліктерге бағыт-бағдар ұстанған адамдар мен мекемелер бірлестігінің жүйесі, соның ішінде барлық кәсіби қызмет саласында адамдардың жетіктігін арттыру жүйесі.

Дін институты – діни сенімді қолдауға, таратуға және нығайтуға, оның жекелеген тұлғалардың, олардың қауымдастықтарының (отбасылық, аумақтық және т.б.) және жалпы қоғамның өмірінде діни сенімнің рөлінің күшеюіне бағыт-бағдар ұстаған әлеуметтік бірлестіктердің (діни топтар, қауымдар, секталар және т.б.), сонымен қатар мекемелер мен ұйымдардың (шіркеу, монастырь, мешіт, діни семинария мен академия және т.б.) жиынтығы.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету институты – адамдардың денсаулығын қолдауды, сақтауды және нығайтуды, балаларды, қарттарды, ауруларды, мүгедектерді, көпбалалы отбасыларын және т.б. әлеуметтік қолдауды және қорғауды өз қызметінің мақсаты еткен қауымдастықтардың, ұйымдар мен мекемелердің жүйесі. Бұған дәрігерлердің бірлестіктері, қайырымдылық қорлары мен ерікті қоғамдар, ауруханалар, емханалар, санаторийлар, қарттар үйлері, балалар үйлері және т.б. енеді.

Отбасы ерекшелікті әлеуметтік институт ретінде аса маңызды функциялардың бірін – қоғам мүшелерін ұдайы өндіруді, олардың алғашқы әлеуметтендірілуін атқарады [6]. Отбасы әлеуметтік институты өзара әрекеттер мен қатынастардың құнды-нормативті кешені іспетті, сол арқылы отбасы мүшелерінің – ата-анасы мен балаларының, інілері мен әпке-қарындастарының мінез-құлқы реттеледі, тәртіптеледі, оларға тән әлеуметтік мәртебелер мен рөлдер анықталады. Тарихи тұрғыдан отбасы барлық әлеуметтік институттардың ізашары, өйткені ол қарапайым қоғамдарда бұрыннан өмір сүріп келе жатқан нақты жалғыз әлеуметтік институт (мысалы, қазірде Орталық Африканың кейбір тайпаларында, Солтүстіктің кейбір халықтарында дәл осылай). Қоғам аса күрделі жіктелген, өзге социомәдени жүйелерге өткенде ғана басқа институттық құрылымдар құрыла бастайды. Қолөнердің, сауданың пайда болуына, қалалардың дамуына, бір немесе бірнеше отбасының шеңберінен шыққан билік өкілдерінің пайда болуына әкеп соқтырған терімшілік пен аңшылықтың жер және мал шаруашылығына өту кезінде саяси, әлеуметтік институттар пайда болды, олар мемлекеттен, қарулы күштерден, қоғамның сот ұйымдарынан және т.б. нақты көрінді. Осыдан кейін діннің және білімнің әлеуметтік институттары шықты, олардың қызметін кәсіби дайындығы бар дін қызметшілерінің және мұғалімдерсіз, сәйкес келетін шіркеу, мешіт, мектеп т.б. мекемелерсіз көзге елестету мүмкін емес. Олардың көпжақты бүкіл қызметі тар отбасылық дәстүрлер шеңберінен шығып, институционалды, яғни әр әлеуметтік институттардың қызметіне айналды.

Әлеуметтік институттардың типтері жоғарыда айтылған типтермен шектеліп қоймайды. Сол типтермен қатар, әлеуметтік институттарға ғылым, әскер, құқық жүйесі, сот, прокуратура және т.б. жатады. Қоғамның осы және басқа да әлеуметтік институттары – арнайы қоғамтану зерттеулерінің пәні болып саналады.

Қорыта келіп, қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік институттар жүйесі әрбір индивидті және олардың алуан түрлі қауымдастықтарын (отбасылық, аумақтық, кәсібилік, діни және т.б.) қызметтің қайсыбір саласына қосатыны оларға отбасында, жұмыста, оқу орнында және т.б. нормативпен тәртіптелетін мінез-құлқы типін таңатынын айтуымыз керек. Қоғамда әрекет етуші әлеуметтік институттар көбейген сайын, олардың қызметі ауқымды болған сайын, қоғам соғұрлым адамдар дамуының үлкен мүмкіндіктерін иеленеді, әлеуметтік-саяси қатынастарда соғұрлым кемелді болады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Новейший социологический словарь. – Минск: Книжный дом, 2010. – С. 993.
- 2 Соціологічна енциклопедія. – Київ: Академвидав, 2008. – С. 389-390.
- 3 Қараңыз: Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. – Berlin: Verlag Dr. Köster, 2012. – S. 85-86.
- 4 Большая актуальная политическая энциклопедия. – М.: Эксмо, 2009. – С. 65-66.
- 5 Қараңыз: Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. – 1-том. – Алматы: Қарасай, 2012. – 208-220 бб.
- 6 Қараңыз: Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

REFERENCES

- 1 The newest sociological dictionary. Minsk: Book House, 2010. P. 993.
- 2 The Sociological Encyclopedia. Kiev: Academy of Sciences, 2008. 389-390 p.
- 3 See: Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. Berlin: Verlag Dr. Köster, 2012. 85-86 p.
- 4 See: Most actual political encyclopedia. M.: Eksmo, 2009. 65-66 p.
- 5 See: Absattarov R.B. Fundamentals of Political Science. Two-volume edition. Vol. 1. Almaty, 2012. 208-220 p.
- 6 See: Zhanazarova Z.Zh. Sociology of the Family. Almaty: Kazakh university, 2010.

Резюме

Р. Б. Абсаттаров

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ ТИПОВ СОЦИАЛЬНЫХ ИНСТИТУТОВ: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

В данном исследовании проведен политологический анализ особенностей типов социальных институтов. В статье уделено внимание недостаточно изученным аспектам и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: социальные институты, изменение, развитие, процесс, особенности типов социальных институтов, государство, семья, религия, образование.

Summary

R. B. Absattarov

(Abai Kazak national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan)

PECULIARITIES OF SOCIAL INSTITUTIONS TYPES: POLITOLOGICAL ANALYSIS

The political analysis of the social institutions types' peculiarities have been conducted in this research that are still insufficiently studied in the political science.

The individual's life in society is organized through social institutes. It should be noted that the social institutes is an association of people for meeting definite and important needs or achieving personal, group or public goals. Types of social institutions are the state, political parties, the army, the court, family, law, moral, religion, education and etc. Social institutions types contributes to develop the functioning of given social structure and provide the continuity of using cultural, social and political values, transferring skills and norms of social behavior, etc.

In the article the nature and characteristics of social institutions types are considered in detail that are specified as a main attribute of society belonging to a definite socio-economic formation. In the frame of these common features the social institutions types are differed by their functional qualities. The development of socio-political system depends on the evolution of social institutions types. Sources of such evolution can be both endogenous, that is occurring within the system, and exogenous factors.

It should be noted that the harmonious and balanced system of social institutions types and their features, providing to meet main needs of society and efficiently regulate the people's behavior, is essential to preserving and developing the society as a whole.

Keywords: social institutions, change, development process, types feature of social institutions, state, family, religion, education.